

Г.Б. Қаржасова

PhD докторы

E-mail: gKB24@mail.ru

Қазтұтынуодағы Қарағанды

экономикалық университеті

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікке салық салу және салықты төлеуден
жалтарудың экономикалық- құқықтық мәселелері

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікке салық салу және салықты төлеуден жалтарудың өзекті мәселелері қарастырылған. Зерттеудің объектісі - ҚР-да кәсіпкерлікке салық салу және салық төлеуден жалтару қылмыстарының жасалуына қарсы шараларды құрайтын әлеуметтік-экономикалық, құқық және салық саласындағы қоғамдық қарым-қатынастар. Салықтарды төлеу мәселесі кірісі немесе мүлкі бар әрбір заңды және жеке тұлғаны қамтиды, сондықтан олар азамат, ұйым және мемлекет үшін көкейтесті болып табылады. ҚР-да кәсіпкерлікке салық салу және салықты төлеуден жалтару қылмыстарының экономикалық-құқықтық ерекшеліктері зерттелген. Сонымен қатар тақырып барысында салықты төлеуден жалтару қылмыстарының алдын алу мән-жайлары талқыланған.

Түйін сөздер: кәсіпкерлік, салық, кәсіпкерлікке салық салу, салық төлеуден жалтару.

Қоғам мен өндірістің даму үрдісінде адамдар әр түрлі ұйымдық-экономикалық қатынастар аясында кәсіпкерлік қызметпен айналыса бастады. Кәсіпкерлік тарихы орта ғасырлардан бері бастау алады. Сол уақыттың өзінде саудагерлер, қолөнершілер жаңадан қалыптасып келе жатқан кәсіпкерлер ретінде таныла бастады. Сонымен қатар, кәсіпкерліктің даму тарихы айырбас қатынастарының, қоғамдық еңбектің бөлінісі мен жалпы нарықтық қатынастар даму тарихымен тығыз байланысты.

Экономикалық әдебиетке «кәсіпкер» түсінігі бірінші рет 1723 жылы Париж қаласында баспадан шыққан «Коммерцияның жалпыға ортақ сөздігінде» келтірілген. Мұнда кәсіпкер – өнім өндіру немесе құрылыс объектісі бойынша міндеттемесін өз мойнына алатын адам деген түсінік беріледі [1, б. 5].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде кәсіпкерлікке төмендегідей анықтама берілген: «Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі кәсіпкерлік болып табылады». Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [2].

Кәсіпкерлік қызмет – белгілі бір функцияларды жүзеге асырумен байланысты екенін ескере отырып, мұндай қызметті пайда алу мен қоғамның (оның мүшелерінің) экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында тауарлар мен қызметтерінің үздіксіз, үнемі жаңартылып отыратын ұдайы өндірісін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру үрдісі ретінде сиппатауға болады.

Кәсіпкерлік экономикалық белсенділіктің ерекше түрі болып табылады, өйткені оның бастапқы сатысы, әдетте тек идеямен, ал кейіннен материалдық нысанға айналатын, ойлау қызметінің материалдық нысанға айналатын, ойлау қызметінің нәтижесімен байланысты [3]. 2010 жылдың 1 ақпанында мемлекет басшысы өзінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін дамуының стратегиялық жоспарын бекітті. Енді шағын кәсіпкерлікке, елдің барлық бизнес-қауымдастығы секілді, Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуына дайындықта маңызды рөл беріледі. Осыған байланысты «мемлекет отандық кәсіпкерлер үшін де, сонымен қатар халықаралық инвесторлар үшін де бизнес жүргізу құнының төмендеуіне бағытталған белсенді шараларға бастама жасайды». Әкімшілік рәсімдердің оңтайлы шеңберлерін белгілей және оларды жүзеге асыруда айқындылықты жоғарылата отырып, мемлекет бюрократияның және сыбайлас жемқорлықтың Қазақстандағы іскери климаттың маңызды аспектілеріне ықпалын төмендетуге ұмтылады» [4].

Қазіргі уақытта Қазақстанның экономикасында ірі, орта, шағын кәсіпорындар, сонымен қатар жеке және жанұялық еңбек негізінде жүзеге асырылатын кәсіпкерлік іс қызмет көрсетуде. Қазақстан Республикасында орта және шағын кәсіпкерліктің дамуы ХХ ғ. 90-жылдарында басталды, қазіргі таңға дейін кәсіпкерлікті одан әрі жетілдіру мақсатымен мемлекет тарапынан көптеген жұмыс жүргізіліп жатыр. Себебі, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту алдағы болашақта еліміздің экономикасының дамуына үлкен үлес қосатыны күмәнсіз.

Қазіргі жағдайда осы аталып кеткен мәселелерге байланысты қолданыстағы Салық кодексі экономикалық өсуде оң рөл атқарды дегенмен, «оның әлеуеті іс жүзінде таусылды. Кодексте үнемі және жүйесіз өсіп отыратын 170-тен астам жеңілдіктер мен преференциялар бар. Үкіметтің жаңа Салық кодексін әзірлеуі қажет. Ол экономиканы жаңғыртуға, әртараптандыруға және бизнестің «көлеңкеден» шығуына жағдай жасауға тиіс.

Жаңа Кодекс салық қызметтерінің оның нормаларын өз қалауларына түсіндірулерінен қорғайтындай, әкімшілендіру сапасы мен салық төлеушілер мүдделері үйлесетіндей тікелей іс-әрекет ету сипатына ие болуы керек.

Бірақ, ең бастысы, ол экономиканың шикізаттық емес секторы, әсіресе, шағын және орта бизнес үшін жалпы салықтық ауыртпалықтардың төмендетілуін қарастыруы керек. Бюджеттің күтілетін шығындарының орны өндіруші сектордың экономикалық қайтарымын арттыру есебінен өтелуі тиіс» - деп атап көрсетті Елбасы [5].

Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық экономикалық қозғалысы мен саяси іс бағытына қарамастан ұлттық мемлекет әдістерінің негізгі көзі – ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық инструменті, мемлекеттің кірістерін және бюджеттік әдістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.

Нарықтық экономика мен мемлекеттің салық саясатының негізгі мақсаты – бюджеттің кіріс бөлігін қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету.

Б. Аймаковтың әділ пікірінше, салық саясатының сол даму кезеңіндегі басты мақсаты – салық жүйесін құру және оның тиімді қызмет етуіне мүмкіндік беретін салық механизмін іске асыру деп ерекше атап кетті [6, б. 5].

Салық жүйесі өз алдына сала болып қалыптасуы үшін, біршама қиындықтарды бастан кешіре отырып, көптеген өзгерістер мен толықтырулар жасалынып, қазіргі кезде тұрақты жүйеге түскенін байқауға болады.

Қазіргі таңда қолданыста салық саласын реттейтін басты заңнама – Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) кодексі болып табылады.

Салық кодексі – бұл мемлекет пен салық төлеушілердің арасындағы ара қатынасты реттейтін құралы және мемлекетпен қабылданған нормативтік құрал болып табылады. Салық кодексі елдің әр азаматына түсінікті болуы оның негізгі болып табылады. әр ел өзінің салық жүйесінің құрылымын, оның қызмет етуін, салықтарды белгілеу, өзгерту және күшін жою тәртібін, салық төлеушілердің, салық міндеттемелерінің орындалуын, салық қатынастарының басқа агенттерін бақылауды жүзеге асыратын органдардың мәртебесін, салықтық құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті айқындайды.

Еліміздің мемлекеттік бюджетін құрайтын түсімдердің ең басты көзі — салықтар. Тіпті мемлекетіміздің Негізгі Заңы — Ата заңда заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылатыны туралы айқын көрсетілгендігі салықтардың елдің, қоғамның тұрмыс-тіршілігі үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетсе керек [7].

Нарықтық экономика жолын ұстанған егемен елімізде шағын және орта бизнес барысына кедергі келтірмейтін салық жүйесін қалыптастыру өзекті мәселелер қатарынан орын алып отыр. Осы мақсатта елімізде шағын бизнес субъектілеріне арнайы салық режимі қолданылады [8, б. 88].

Салық режимі – ҚР-ның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығы [9].

Нарықтық қатынастар аясында жүзеге асырылып жатқан кәсіпкерлік қызметтің мемлекет тарапында және экономика өмірінде алатын орны зор. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы экономикасы қарқынды дамушы мемлекеттер қатарына кіретін мемлекеттердің бірі болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қазіргі нарық экономикасындағы ең негізгі және де нарық механизмдегі ерекше орынымен белгілі. Оған себеп, кәсіпкерлік нарық экономикасында аса

маңызды экономикалық және әлеуметтік функцияларды қамтиды, оған жататындар: кәсіпкерлікпен шұғылдану экономикада жаңа жұмыс орындарды, жаңа тауарлар мен қызметтерді, қоғамда жаңа орта шаруалардың санын көбейтеді, сонымен қатар қоғамдағы бәсекелестікті арттырады.

Тақырып маңыздылығына байланысты кәсіпкерлікке салық салуда салық төлеуден жалтару мәселесі қазіргі жағдайда ерекше орынға ие болып отыр. Салық төлеуден жалтаруға қарсы мемлекетімізде жүргізіліп жүрген қылмыстық-құқықтық шаралардың, құқық қорғау органдарының аталған қылмыстарға қарсы күрес шараларының, қылмыстық құқық жағынан қарағанда, жауаптылықты ажырату мен жазаны ерекшелендіру шараларының тиімділігі төмен және мақсатқа жету қиын болып отыр.

Бұл бағытта ол қылмыстық-құқықтың іргетас қағидаттарын негізге ала отырып, қылмыстылықтың бүкіл түрлеріне тиісті дәрежеде қарсы тұру мақсатында қылмыстық-құқықтық, алдын алу, ескерту шараларын қолдану арқылы өз құрылымы мен мән-мазмұнын анықтап алды. Нақты айтар болсақ, өркениетті қоғамдарда танылған адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бұрынғы мемлекеттік мүдделер мен қоғамдық құрылысты тоталитарлық ұйымдастырушылықпен құрудағы нысандардан жоғары, бірінші кезектегі құндылықтарға ауысты.

Сондықтан да, біздің пайымдауымызша, қолында қылмыстық заңнама түрінде барлық қажетті құқықтық құралдары бар еліміздің қылмыстық саясаты стратегиялық болжау, алдын алу сипаттарын қамтитын өзінің негізгі принциптеріне үнемі сүйенуі тиіс. Себебі, сол ұстанымдарды уақыт талабына сай ескере келе құқықтық, оған тығыз ұштасатын әкімшілік тұжырымдамалар дайындалып, тек солардың негізінде ғана құқық қорғау органдарының қызметі жүзеге асырылады.

Бұл ретте, қылмыстылыққа қарсы тұру үнемі қарқынды, барлық мүмкін-діктерді, ең алдымен, қылмыстық-құқықтық тыйым салу, санкцияларды қол сұғушылықты ескерту үшін пайдалануды талап етеді. Мұндай шараларды қазіргі кезде, әсіресе, салық саласындағы қылмыстарға қарсы өрбіту ерекше маңызға ие болып отырғандығы баршаға мәлім. Иә, салық төлеуден жалтаруға қарсы мемлекетімізде жүргізіліп отырған қылмыстық-құқықтық шаралардың, қылмыстық құқық тұрғысынан қарағанда, олар үшін жауаптылықты ажырату мен жазаны дараландыру тиімділігінің төмен деңгейде болуы алаңдатады.

Салық төлеуден жалтаруға қарсы мемлекеттік саясат тиісті бағыттағы іске асырылып отырған қылмыстық саясатпен бірегей болып келеді.

Отандық қылмыстық заңнамамызда салықты төлеуден жалтару үшін жауаптылық ҚР ҚК-нің 244-бабы «Азаматтың салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруы» және 245-бабында «Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару» көзделінген [10].

Салық төлеуден жалтару қылмысына қарсы қылмыстық саясат мәселесі қазіргі кезде үлкен мәселеге айналып отыр. Бұл мәселені талдауды жалғастырар алдында, салық қызметінің алғы шарттарына тоқтала кетуді жөн деп есептейміз. Сонымен,

мемлекеттік орган ретінде салық қызметінің мақсаты стратегиялық бағытымен салықтардың толық түсуін қамтамасыз етуді анықтайды. Салық қызметінің көрінісіне жету үшін тағы да екі стратегиялық бағыт белгіленеді: олар, салық қызметі органдарының қызметіне қоғамның қанағаттануын қамтамасыз ету және тиімділігі жоғары салық қызметін құру.

Біріншісі, салықтық бақылау органдарының қызметіне қоғамның қанағаттануы неғұрлым жоғары болса, салықтық қылмыстардың жасалауы да соғұрлым төмендейтіні белгілі.

Салық қызметі органдарының осы стратегиясы басым болып табылады және оны жүзеге асыру үшін мынадай бағыттарға аса көңіл бөлу қажет:

- салық мәдениетін көтеру: мемлекет алдында әлемнің 30 бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіру міндеті тұрғанын ескере отырып, дамыған елдердің салық мәдениетінің деңгейі қазақстандық қоғамның әрі қарай дамуы үшін үлгі болуы қажет;

- салық бақылауының тиімділігін арттыру: көлеңкелі экономика көлемін азайту және салық төлеушілердің салық заңнамасын сақтау аясында қабылданатын шаралардан қажет нәтижелерге қол жеткізуде салық қызметі органдарының тиімді салық бақылауы зор маңызға ие;

- салық заңнамасын жеңілдету: салықтардың толық жиналуын қамтамасыз ету үшін салық салудың қолданылып жүрген жүйесін оңтайландыру және оңайлату қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз салық әкімшілігін ырықтандыру және кеден әкімшілігін жүйелендіру саясатын жалғастыруға тиіспіз» және де «Қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын реформалауды бастау керек. Ілгері ізгілендіруге, оның ішінде, экономикалық құқық бұзушылықты қылмыссыздандыруға маңыз беру керек» екендігіне көңіл бөледі [11].

Бұл дегеніміз, елімізде салық төлеуден жалтару қылмысымен күресудің нақты стратегиясы жоқтығын көрсетеді. Сонымен қатар, салық төлеуден жалтарудан түскен қаражаттар «көлеңкелі» экономиканың тұңғығына шоғырланып, салық базасын кеңейтудің орнына, керісінше, қысқартып, қылмыстылықты тұсақтаудың орнына қоғамның барша саласында іріткі салып, белгілі бір толқуларға түрткі болуда [12, б. 68].

Айтылып отырған ахуалдың жайттары әр түрлі, біріншіден, салықты бақылау және жинау бойынша салықтық бақылау, құқық қорғау және басқа органдардың жұмысындағы кемшіліктер, екіншіден, салық заңнамасының жетілмегендігі мен мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған салық саясатының төмен деңгейдегі шаралары.

Сонымен қатар, еліміздегі салық жүйесінің қазіргі фискалді жүйесі, біріншіден, қомақты сомадағы салықтарды белгілеуден, екіншіден, жоғары салық ставкаларының (қосылған құн салығы, корпоративтік үстеме салығы) болуынан, үшіншіден, айыппұлдық санкция сомаларының тым жоғары деңгейде тіркелгендігінен көрінеді. Бұл мәселелердің

барлығы салық төлеушілердің кірістерін жасыруына әкеліп соқтыратыны анық. Ал, өз кезегінде, кірістерді жасыру, салық төлеуден жалтару бюджеттің толығына кері ықпалын тигізеді.

Жалпы салық төлеуші субъектілердің дер кезінде міндетті салықтарды төлемеуі мемлекеттік бюджетке үлкен нұқсан әкеліп салық төлеуден жалтаруға себеп болатыны баршаға мәлім. Қорытындылай келгенде, салық төлеуден жалтару – салық төлемдерін толық немесе ішінара төлемеу мақсатымен салық төлеушінің салық салу объектісін табысты, пайданы, тауар айналымын, мүлікті әдейі жасыруы немесе азайтуы. Салық төлеушінің белгіленген мерзімде орындалмаған салықтық міндеттемесін орындау төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасына өсімпұл есептеу, банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, салық төлеушінің салық берешегі есебіне мүлікке билік етуін шектеу тәсілдермен қамтамасыз етілуі мүмкін. Өсімпұл сомасы мен салық берешігін өтеу бойынша салықтық міндеттемені мәжбүрлеп орындату шараларын, сондай-ақ салық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтың өзге де шараларын қолдануға қарамастан есептеледі және төленеді. Салық төлеушілер салық салынатын объектілер мен табыстарды жасырудың аса жетіктелінген әдістерін қолданады.

Басты мәселелердің алдын алу үшін:

1. Елімізде шағын кәсіпкерлік өкілдеріне қаражат тарту мәселесін шешу мақсатында пайыздық мөлшерлемесі төмен әрі жылдам несие алуға мүмкіндік беретін қаржылық орталық ашу қажет. Кәсіпорынның қиын жағдайын ескере отырып, төлемді қайтарудың мерзімін ыңғайлы әрі уақытын жылжытып төлеу мүмкіндігін ұсыну қажет.

2. Халық арасында интернет-ресурстарды қоса отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық насихаттың сапасын арттыру мен көлемін кеңейту яғни кәсіпкердің арнайы білімінің жоқтығы оның жұмысының әрі қарай дамуын тежейді. Сол себепті, мастер кластар мен шағын курстардың қарапайым кәсіпкерге қолжетімділігін дамыту қажет.

3. Мемлекет салықтарды төлемеушілермен жазалау шаралары арқылы емес, салық салу жүйесін жетілдіру арқылы күресуі тиіс.

4. Кәсіпкерліктің жауы жемқорлықтың тамырына балта шауып, онымен күресу шараларын Сингапур тәжірибесін пайдалана отырып, қатайта түсу қажет, яғни салық төлеуден жалтару қылмыстарымен күресу бойынша халықаралық тәжірибені қолдану қажет.

5. Салық төлеушілердің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық институттарына деген сенімін, патриоттық сезімін нығайту қажет

6. Халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға ұмтылу қажет. Салықтарды төлеу мәселесі кірісі немесе мүлкі бар әрбір заңды және жеке тұлғаны қамтиды, сондықтан олар азамат, ұйым және мемлекет үшін көкейтесті болып табылады. Құқықтық реформаның қорытындыларын талқылау нәтижесінде қоғамда Конституцияның негізінде құқықтық жүйені дамыту қажеттігі туралы пікір үстемдік алды. Қазақстан

Республикасының Конституциясы қажетті құқықтық әлеуметті қамтиды, ол оның құқықтық нормаларында ғана емес, оның құқықтық идеялары мен принциптерінде де тұжырымдалған. Конституцияның құқықтық идеялары Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет институттарын нығайтуға бағытталған заңнамалық, ұйымдық және басқа шараларда жүзеге асуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1 Сейдахметов А.С., Елшібекова Қ.Ж., Измаханова А.Қ. Кәсіпкерлік: оқулық. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. – Алматы: «Экономика», 2011. – 344 б.

2 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім): Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 желтоқсандағы кодексі (соңғы өзгерістер ҚР 27.02.2017 № 49-VI Заңымен қолданысқа енгізіледі).

3 Кәсіпкерлік Кодексі: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 09.04.2016 № 499-V).

4 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығы.

5 Назарбаев Н.ә. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. – 2008. – 7 ақпан.

6 Аймаков Б. Налоговая система в условиях рыночных отношений // Финансы Казахстана. – 1996. – №4. – С. 8-12.

7 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған (өзгерістер мен толықтырулар 10.03.2017 № 51-VI ҚР заңымен енгізілді).

8 Ермекбаев Б.Ж. Салықтар және салық салу: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 131 б.

9 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы: Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 03.12.2015 № 432-V ҚР заңымен енгізілді).

10 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 03 шілдедегі № 226 кодексі (соңғы өзгерістер ҚР 28.12.2016 № 36-VI ҚР заңымен енгізілді).

11 Назарбаев Н.ә. «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 15 желтоқсан.

12 Бейсенов Б.М. Уголовно-правовая и криминологическая характеристика уклонения от уплаты налогов: дис. ... канд. юрид. наук. – Астана, 2007. – 190 с.

Резюме

Қаржасова Г.Б., доктор PhD.

E-mail: gKB24@mail.ru

Қарағандық экономикалық университет Қазпотребсоюзы

Экономико-правовые проблемы уклонения от уплаты налогов и налогообложения предпринимательства в Республике Казахстан

В статье рассмотрены актуальные вопросы налогообложения и уклонения от уплаты налогов в сфере предпринимательства в Республике Казахстан. Объектом исследования являются социально-экономические, правовые и налоговые отношения в Республике Казахстан, которые являются контрмерами против уклонения от уплаты налогов.

Вопросы налогообложения включают в себя каждое юридическое лицо и физическое лицо с доходом или имуществом, поэтому они являются текущими для гражданина, организации и государства.

Рассмотрены правовые особенности предупреждения преступлений в РК - уклонение от уплаты налогов и налогообложения предпринимательства.

Ключевые слова: предпринимательство, налог, налогообложение, уклонение от уплаты налогов.

RESUME

Karzhasova g.B., PhD.

E-mail: gKB24@mail.ru

Karaganda Economic University Kazpotrebsoyuz

Economic and legal problems of tax evasion and taxation of entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan

The article considers the topical issues of taxation and tax evasion of entrepreneurship field in the Republic of Kazakhstan. The objects of the study are socio-economic, legal and tax relations in the Republic of Kazakhstan, which are the countermeasures against tax evasion and tax avoidance.

Tax issues include every legal entity and natural person with income or property, so they are current for the citizen, organizations and States.

Legal aspects of crime prevention in the Republic of Kazakhstan - the tax evasion and taxation of entrepreneurship are reviewed.

Keywords: entrepreneurship, tax, taxation, entrepreneurship, tax evasion.